

# ҚР-ҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ БІРІГУІ

Нұрымбет Нұрсұлу  
Эф-13-6к1

# БАНК ЖҮЙЕСІ



"Қазақстан Республикасындағы банкілер және банк қызметі туралы" ҚР Заңына (1995) сәйкес Қазақстанда Банк жүйесі екі деңгейлі. Ұлттық банк мемлекеттің Орталық банкі болып табылады және Банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейіне жатады.



# МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕСИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ ӨТЕ ЗОР.



Қазақстан респбликасының қазіргі банк жүйесінің құрылуы 1990 жылы желтоқсанында ҚазКСР-ның Жоғары Кеңесі қабылдаған «Банктер және банк қызметі туралы» Заңынан бастау алады.

Қазақстан Ұлттық банкі басқа елдердің Орталық банктерімен және тағы басқа банктермен қарым-қатынаста, халықаралық банктер мен басқа да қаржы-несие ұйымдарында Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді. Ұлттық банк пен оның бөлімшелері салықтың, алымның және баждың, соның ішінде кеден бажының барлық түрлерін төлеуден босатылады.

Екінші деңгейдегі Банктер халық шарасы мен халыққа сан-салалы қызмет көрсететін коммерциялық-несиелік мекемелерге айналдырылған. Қазақстанда алғашқы коммерциялық Банктер (Интеринвестбанк, Крамдсбанк) 1989 жылдан пайда бола бастады. 1992 жылы олардың саны 232-ге жетіп, 1994 жылы күрт қысқарды.

1999 жылдың басында Ұлттық Банк пен Үкіметтің арнайы ақша-несие саясатының нәтижесінде (жарғылық капиталды өсіру арқылы) Банктер саны бұрынғыдан да азайып, олардың өзіндік капиталы 53,7%-ке (41,2 млрд. теңге), активтерінің жалпы көлемі 10,4%-ке (186 млрд. теңге) жетті. Депозит көлемі ұлттық валюта есебінде 22 млрд-тан асты (1999, қаңтар).



1993 ж Қазақстан өзіндік ақша-несие саясатын өткізіп, осы жылы 15 қарашада ұлттық валюта-теңгені айналымға енгізді. Дәл осы уақыттан Қазақстандағы банк жүйесі дамуының 3-і кезеңі басталды. 1993 ж біздің елімізде 240 банк болды (қазір -38) Бірақ олардың көпшілігі өз функциясын орындауға дәрменсіз еді.



1995 ж банктер қызметін қалыптастыру және бақылаудың халықаралық стандарттарына сай «ҚР банктер және банктік қызмет туралы» Заң қаулысында жаңа өзгерістер болды.

# БАНКТЕР «БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ТӨТЕП БЕРУ ҮШІН» БІРІГЕДІ



Негізгі экономикалық нарықтарды біріктіру арқылы Ресей, Қазақстан және Беларусьтің Кеден одағын Еуразия экономикалық одағына айналдыру жоспарланған. Бұл қазақстандық банктер әлеуеті мықтырақ Ресей банктерімен бәсекелесуді күшейтуі тиіс дегенді білдіреді.



«Қазіргі проблемаларды кезең-кезеңмен шешу және банктердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» мақсатында 2019 жылға қарай банктердің жарғылық капиталының ең аз мөлшерін 10 есеге (қазіргі 10 миллиард теңгеден 100 миллиард теңгеге) өсіру ұсынылады. Болжам бойынша, бұл нормалар енгізілсе, банктердің саны қысқарады.



Ұлттық банк тұжырымдамасында банк секторындағы жоғары деңгейлі бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін «орташа банктер тобын» дамытуға ерекше көңіл бөлу қажеттігі айтылған. Құжатта тағы бір бағыт - жүйе құраушы банктер негізінде және банктерді отандық және шетелдік әріптестермен синдикаттар құруға ынталандыру арқылы «чемпион» банктер тобын қалыптастыру ұсынылған.

Тұжырымдама жобасына сәйкес, ұсақ банктерді мәжбүрлі түрде қысқарту немесе олардың жалпы санын шектеу жоспарланбаған. Бірақ «реттеу жүйесі шағын банктерді ірілендіруге немесе оларды несие ұйымының басқа формаларына айналдыруға бағытталады».

Ұлттық банк төрағасы Қайрат Келімбаевтің болжамынша, қазіргі нарықтағы 38 банктен алдағы бес жылда 15-20 банк қалады.






Қайрат Келімбетов жуырда өткізген баспасөз жиынында: «Басқа банктердің бұл кезеңде бірігу немесе шоғырлану мүмкіндігі бар. Консолидация процестері нәтижесінде банктердің арасынан көшбасшы топ бөлініп шығады. Ипотека, тұтынушылық несие беру сияқты белгілі бір салада озықтығын танытқан орташа банктердің де өз тобы қалыптасады. Бірақ ірі банктер басқа елдердегі әріптестерімен сөзсіз бәсекеге түседі» деп мәлімдеді.



2025 жылы Алматыда Біртұтас экономикалық кеңістік аясындағы мемлекеттер тарапынан қаржылық реттеу тетігі (институт) іске қосылатын көрінеді. Ұлттық банк төрағасының айтуынша, ол Еуропа елдеріндегі қаржылық реттеу қызметіне ұқсас болмақ. Бір айта кетер жәйт, аталған құрылымға жергілікті ұлттық қаржы саласының ережелерін бекітіп, дәйектеп отыру міндеті тапсырылатын көрінеді.



Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың үш ірі банк - БТА, Альянс банк және Темірбанкті мемлекет қарауынан шығару жөніндегі тапсырмасы салада үлкен қозғау туғызды.

Еске түсіре кетсек, Президент бұл міндетті 2013 жылдың аяғына дейін іске асыруды тапсырған болатын. Соған орай, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ қоры ұсынысымен БТА банкінің акцияларын Халық банкі сатып алуға ұйғарды.

Алайда алдын-ала зерттеулерден кейін Халық банкі бұл ұсыныстан бас тартып, ойынға кәсіпкер Кеңес Рақышев пен Казкоммерцбанк араласқан болатын. Тараптар мәмілеге келіп, Казкоммерцбанк пен БТА банктің бірігуі сәтті жүзеге асты.

Ал Альянс пен Темірбанктің акцияларын алуға кәсіпкер Болат Өтемұратов келісім беріп, оның меншігіне Альянстың 79,88%, ал Темірбанктің 16% акциялары өтті.

Рас, дағдарыс жағдайында банкрот қаупі төнген бұл қос банктің қауқарына көптеген қаржы институттары сенімсіздік білдірсе де, Болат Өтемұратов оларды алдыңғы қатарлы банктер қатарына қосуға уәде берді.

Ол үшін қалалық банк болып есептелетін Альянстың қызметін ол республикалық деңгейге шығармақ. Яғни, алдағы уақытта бұл банк бүкіл республика бойынша несие беріп, шағын және орта бизнесті қаржыландыруы әбден мүмкін.

2013 жыл мен 2014 жылдың басы осындай алақұйын өзгерістерге толы болып, ірі екінші деңгейлі банктер бірігумен әлек болып жатқанда, олардың бәсекелестері де қарап қалған жоқ.

Сарапшылардың пікірінше, шетелдік қатысы бар банктердің дамуы әлі де бұрынғысынша алдыңғы қатарда. Солармен қатар, кішігірім банктер де активтерін күшейтіп, біршама ес жинап алды.

Мәселен, осыдан 3 жыл бұрын Қазақстандағы 3 ірі банктің үлесіне барлық банктік активтердің 54,7% тиесілі болса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 41,7%-ға азайды. Себеп - қаржы секторының орта және шағын ойыншыларының күш алуы.




Сондай-ақ, проблемалық кредиттердің де бұған себеп болатынын жасыра алмаймыз. Мәселен, АТФ банктің проблемалық кредиттері 41% құраса, Казкоммерцбанкте - 35% (бірігуге дейін), Нұрбанкте - 28%.



Ал шетелдік қатысы бар банктерде мұндай проблемалы кредиттердің үлесі төмен, ол банктердің дамуының оң динамикасына басты себеп. Айталық, Еуразиялық банкте - 8,9% болса, Цеснабанкте - 3,5%, Сбербанкте - 1,8%.




Ал Қазақстандағы Қытай банкінің клиенттері, тіпті қарыз емес, керісінше, бұл банк қарыз беру жөнінен алдыңғы қатарға шығып отыр: 2013 жылы банк 8,8 млрд теңге көлемінде несие берген.



«Қазкоммерцбанк пен кәсіпкер Кеңес Рақышев БТА Банкті сатып алды. Кейінірек Альянс Банк, Темірбанк және Форте Банктің бір топқа жататын инвесторлары бірікті. Оның үстіне, Халық Банкі штаб-пәтері Лондонда орналасқан халықаралық қаржы корпорациясының еншілес бөлімшесі HSBC Қазақстан банкін сатып алу туралы келісімге қол қойды.



«Альпари» компаниясының аға сарапшысы Анна Бодрова [Tengrinews.kz](http://Tengrinews.kz) сайтында «АТФ, Центр Кредит, Kassa Nova, Qasaq Bankі және RBK банк сияқты банктер де бірігуі мүмкін» деп болжайды. Бұл стратегия 2-5 жыл ішінде іске асуы мүмкін.



Дүниежүзілік экономикалық форумның соңғы есебінде «қаржы нарығының даму» факторы бойынша Қазақстан 148 елдің ішінде 103-орынды иеленген. Ал «банк тұрақтылығы» көрсеткіші бойынша Қазақстан мемлекеттердің алғашқы жүздігінің соңында. Бірақ «жұмыс істемейтін» проблемалық несиелер бойынша Қазақстан әлемде алғашқы орындардың бірінде тұр.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!**